

Қоршаған ортаға қамқорлықпен

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері ерқашан адамдарды алаңдатып келген, сондықтан өндірістік қызметте де оның маңызды орны бар. Экологиялық мониторинг пен экологиялық мәселелердің ашықтығы заманауи және өз ісіне жауапты өндіріс орындарының ажырамас бөлшегіне айналған.

Уран өндіретін «Байкен-У» ЖШС де өз қызметінде осы қағидаларды берік ұстанып, аудан тұрғындарының өтініштеріне уақытында жауап береді. Кәсіпорын уран өндірудің экологиялық қауіпсіз әдісін қолдана отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жұмыс істейді.

Үстіздегі жылы «Байкен-У» ЖШС-тің «Хорасан-2» кенішінен 9 км қашықтықта орналасқан Байкенже және Билібай кенттерінің тұрғындарынан уран өндіру өндірісінің ауыз су сапасына кері әсері туралы шағым келіп түсті.

Соңғы 2 жылда Жаңақорған ауданы тұрғындарының, әкімдік, мемлекеттік құзырлы органдар мен СЭС өкілдерінің қатысуымен кездесулер мен арнайы дөңгелек үстелдер өткізіліп, ауыз су сапасы мәселесі талқыланып, түсініктеме берілген болатын.

2020 жылғы 6 тамызда өткен «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалының партиялық бақылау комиссиясының талқылауына «Байкен-У» ЖШС және Байкенже мен Билібай ауылдарында су құбырының құрылысына жауапты мердігер

ұйымдардың өкілдері қатысты.

Жиналыс барысында уран өндіруші кәсіпорын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жұмыс жүргізіп жатқанын мәлімдеп, табиғатты қорғау іс-шаралары мен экологиялық мониторинг өткізу туралы барлық қажетті материалдарды ұсынды.

Бұған қоса, «Байкен-У» ЖШС-тің бастамасымен Байкенже ауылының жергілікті тұрғындарының, атқарушы органдар өкілдерінің және басқа да мүдделі тараптардың қатысуымен «Ұлттық сараптама орталығы» Қызылорда облыстық филиалының зертханашысы Байкенже ауылының ауыз суы мен топырағынан сынамалар алып, зертханалық талдау жасалды.

Су мен топырақты және радиологиялық зерттеу нәтижелері бойынша «Ұлттық сараптама орталығы» Қызылорда облыстық филиалының аккредиттелген зертханасында ластану мен рұқсат етілген нормалардан асып кету дерегі анықталған жоқ. Төменде сол зерттеулердің нәтижелері келтірілген.

Байкенже ауылынан алынған судың радиобелсенділігін зерттеу хаттамасы бойынша өлшеу нәтижелері

№.№ р/п	Ингредиенттер көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Рұқсат етілетін нормасы	Анықталған мәні
1	Альфа жиынтық белсенділігі	Бк/л	0,2	0,14
2	Бетта жиынтық белсенділігі	Бк/л	1,0	0,53

Байкенже ауылынан алынған судың микробиологиялық зерттеу хаттамасы бойынша өлшеу нәтижелері

№.№ р/п	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Рұқсат етілетін нормасы (НҚ нормасы)	Зерттеу нәтижесі
1	Жалпы микроб саны	КТБ	50 ден аспау керек	2
2	Жалпы колиформды бактериялар (ЖКБ)	КТБ	100 мл суда болмауы тиіс	Табылған жоқ
3	Термотолерантты колиформды бактериялар (ТКБ)	КТБ	100 мл суда болмауы тиіс	Табылған жоқ
4	Бляшка түзуші бірлік (БТБ)	КТБ	100 мл суда болмауы тиіс	Табылған жоқ

«Байкен-У» ЖШС өзінің өндірістік қызметін Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласында қолданылатын заңнама талаптарына қатаң сәйкестікте жүзеге асырады. Қызметкерлеріміздің және өңір тұрғындарының денсаулығы, қауіпсіздігі мен амандығы, сондай-ақ қолайлы қоршаған орта біздің жұмысымызда басты маңызға ие болып қала бермек.

**Қоршаған ортаға қамқорлықпен,
«Байкен-У» ЖШС**



Жаңақорған аудандық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

Жаңақорған аудандық сайлау комиссиясының ««Ақжол Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының тізімін тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 14-бабы 8) тармақшасына және 104-бабына сәйкес Жаңақорған аудандық сайлау комиссиясы 2020 жылғы 7 желтоқсанда ««Ақжол Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының 4 (төр) адамды қамтитын партиялық тізімін мынадай құрамда тіркеді:

1. Бахытұлы Серік	1989 ж.т., жеке кәсіпкер
2. Исабекова Нургуль Сейдилдаевна	1988 ж.т., «Қияс» шаруа қожалығының Төрайымы
3. Құтыбаев Мейіржан Рахымұлы Жаңақорған»	1981 ж.т., «Агросервис-ЖШС-і директоры
4. Тұрғанбек Аян Тынысбекұлы ЖШС-нің	1998 ж. т., «Ынтымақ» агрономы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Аң аулау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының ауылшаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы №18-03/157 санды бұйрығына сәйкес, аң аулау қағидаларының ату мерзімі 2020 жылдың қазан айында төмендегіше жарияланған болатын;

Демек,

Қоян - 2020 жылдың 1 қараша - 2021 жылдың 15 ақпаны аралығында;
Борсық - 2020 жылдың 05 қыркүйек - 2020 жылдың 15 желтоқсан аралығында;
Қырғауыл - 2020 жылдың 15 қазан - 2020 жылдың 31 желтоқсан аралығында;
Үйрек - 2020 жылдың 05 қыркүйек - 2020 жылдың 15 желтоқсан аралығында аң ату мерзімдері аяқталатындығын ескертеміз.

"Жаңақорған орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі"
Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Орман қорғау және күзету жөніндегі потолг инженері

Исмаев Бақытжан Убайдуллаевич

Хабарландыру

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде Қызылорда нотариаттық аймағының нотариусы Әлайдар Әбушахма Әсербайұлы, 16.07.2003 жылы ҚР ӘМ берген №0001505 Мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет етуші, 2020 жылы 26-маусымда қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Қ.Сейтпенбетов көшесі, №951 үйде тұрған азамат Тұрабаев Манасбай Жалғасбайұлының, 2020 жылы 25-маусымда қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Ыбырай Алтынсарин көшесі, №21/2 үйде тұрған азаматша Абдукаримова Орынгул Тұрғанбековнаның, 2019 жылы 02-наурызда қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Қорғантағай көшесі, №97 үйде тұрған азаматша Ақбардинова Ұмыснннн, 2020 жылы 08-шілдеде қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Байкенже ауылында тұрған азамат Жолдасбекұлы Кенжебектің атынан мұралық істің ашылғандығын хабарлайды.

Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, №134 ғимарат. Тел: 8(72435) 22 5 55, 8 775 418 45 55.

Хабарландыру

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының жеке нотариусы Ержанова Ботағоз Таженовна, 31 шілде 2017 жылы қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Б.Майлин көшесі 126 үйде тұрған азамат Байтемиров Күзембай Қузарбаевичтің атынан мұралық істің ашылғандығын хабарлайды. Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Хорасан Ата даңғылы 160 Б. Тел: 8(72435) 24 9 36, 8 701 288 6136.

Хабарландыру

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде Жаңақорған ауданының жеке нотариусы, Әлайдар Әбиболла Әбушахмаулы, 17.04.2014 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық қызмет көрсету комитетімен берген №14005294 мемлекеттік лицензия негізінде әрекет етуші, 2020 жылы 10 шілдеде қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Анарбек Асанов көшесі №919 үйде тұрған азамат Искаков Батырбек Есхожаевичтің атынан мұралық істің ашылғандығын хабарлайды. Мұрагерлер болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Хорасан-ата даңғылы №96 үй, тел.: 87018317444, 87776497444, жұм тел: 21-1-12.

Хабарландыру

Жаңақорған ауданының жеке нотариусы Ержанов Тажан Мәмбетсәліұлы, (ҚР ӘМ-нен 06.10.1999 жылы №0000602 мемлекеттік лицензиясы берілген) 2020 жылдың 26 маусымда қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Н.Илялетдинов көшесі №945 «а» үйде тұрған азамат Бибасаров Базарбай атынан мұралық істің ашылғандығын хабарлайды. Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі №131 ғимарат. Жұмыс тел.: 872435-22-4-88, сот 87013686559.